

«Балалар әдебиетінің өкілі»

Әдеби – поэзия кеші

Мақсаты: *Есентай Ерботиннің өлеңдерін оқи отырып, оқырмандарды поэзияны сյюге, танымдық көзқарастарын қалыптастыруға, ақындыққа баулу, елжандылыққа тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *Е. Ерботиннің суреті, ұлағатты сөздер жазылған слайдтар, «Балдырғанның тілін ұққан» атты кітап көрмесі, музыкалық фонограмалар.*

Дәйек сөз: *«Есентай Ерботин қазақ балаларының сүйікті ақыны...»*

Мұзафар Әлімбаев

Әдеби – поэзия кешінің ашылуы.

1 - жүргізуші: «Балалар әдебиетінің өкілі» атты әдеби – поэзия кеші балалар ақыны Есентай Ерботиннің өлеңдеріне арналады.

«Төскейден жел еседі,

Төбемнен бұлт көшеді.

Туған жерім мен үшін

Көк майсасын төседі», - деп туған өлкесіне өлең арнап, балалардың балғын тілінде жыр толғаған Есентай Ерботиннің өлеңдері, жаңылтпаштары жас ұрпақтың сусындап өсер қайнар бұлағы десек қателеспейміз. Ақынның өлеңдері кішкентай оқырмандардың жан дүниесін баурап алатын, оқыған сайын тереңіне тарта беретін дүниелер.

2- жүргізуші: КСРО Жазушылар одағының мүшесі, жерлес ақын Есентай Ерботиннің туғанына биыл 75 жыл. Есентай Ерботин 1940 жылы 13 қазанда Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Мәшһүр Жүсіп ауылында колхозшы шаруаның отбасында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетін 1967 жылы бітіргеннен кейін, Павлодар облыстық телевизия және радиохабары жөніндегі комитетте қызмет істеген.

Ақынның өлеңдері «Қызыл ту» облыстық газетте, республикалық «Балдырған» журналында жиі жарияланып тұрды. Е. Ерботиннің алғашқы өлеңдер жинағы 1975 жылы «Жазушы» баспасынан «Өркен» деген атпен шықты. Осы жинақта жарық көрген тақпақтар мен шымшымалардан, жұмбақтардан ақынның өзіндік ізденісін, өзіндік талпынысын аңғару қиын емес еді.

Ақынның «Баянауыл», «Алатау», «Көкшетау», «Тарбағатай» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: Есентай Ерботин көптеген кітаптардың авторы. Осы кітаптарды асықпай оқып отырғанда ақынның алдымен өзінің кішкентай оқырмандармен ұғынысуға тырысатынын аңғару қиын емес. Ойын түсініктерін жеткізу үшін әр-түрлі өлең формаларын пайдаланады. Жұмбақтар, өтірік өлеңдері ойнақы ұйқастарға құрылған. «Жалын» баспасы балаларға арналған «Байғазы», «Жыл он екі ай» топтамаларын үзбей шығарып келген. Міне, осы жинақтарда Е.Ерботиннің өлеңдері де үнемі басылды.

2-жүргізуші: Есентай Ерботиннің алғашқы өлеңдері 1959 жылы «Қызыл ту» облыстық газетіне жарияланған екен. Оның артында қалған

мұрасы – өлеңдер жинақтары: «Өрнек», «Өнеге», «Серік пен Берік», «Менің досым», «Бабалар бала болғанда», «Далаға саяхат».

Ақын еліміздің өткен тарихын, әдет – ғұрыпын, салт - санасын, географиясын бес саусақтай білетін, ол содан да жас буынға қазақ батырлары қаһармандықтарын жырлап, үлгі – өнеге ұсынатын. Туған жердің тауларын, суларын тамаша тақпақ етіп жазып, әсемдігін суреттейтін.

Е. Ерботиннің «Менің досым» жинағынан «Ертіс», «Баян», «Жасыбай», «Екібастұз», «Шөптікөл» өлеңдері оқылады.

1 – жүргізуші: Есентай Ерботин ана тілінің байлығын ашып, алуан түрлі жұмбақ, жаңылтпаш, анаграмма, криптограммалар жазды. Ізденгіш ақын талмай еңбектеніп, әркез тапқырлық танытатын.

Жұмбақ шешу:

Қажет сондай құралмын,
Қолыңа жылда мың аодың,
Соңғы екі әріп алмасса,
Баспана болып шығармын.

(Күрек-күрке)

Өзен екен Арқадағы,
Атына жұрт таң қалады.
«Киіз үйге қажет жабдық»,-
Деп арбаға тиеп алдық.

(Түндік)

Сынды арбаның жетегі,
«Үйге қалай жетемін?»-
Деп тұрғанда, түсті еске:
Бір өзен сайман екені.

(Арыс)

Жағасында ойнап жүрміз,
Шомылуды ойлап жүрміз.
Бұл өзеннің атын неге
Ауызға сап, шайнап жүрміз?

(Сағыз)

Үрлеп өзін қолға ұстадым,
Желді күні зорға ұстадым.
Шықса қолдан көкке ұшады,
Өзен аты неге ұқсады?

(Шар)

2-жүргізуші: Ақынның өзі педагог болғандықтан да, әр жастағы балалардың ой – өрісіне, білім шама – шарқына лайықтап, тағылым ұсыну тәсілін жетік білетін еді. Дарынды ақын аз жасады, 1992 жылы дүниеден өтті.

Ақынның өлеңдері өрнекті, ойнақы әрі шымыр, шағын, әрі ойлы болғандықтан жас ұрпақтың жылдам жаттап алатын, мәңгі есте сақтайтын туындылар.